

Нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аудандық комиссияның құру туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімиятының 2003 жылғы 9 қазандағы № 155 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 5 қарашада N 2572 тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы № 394 "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған Стратегиясы туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 ақпандағы № 176 "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған басым іс-шараларының жоспарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес, Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аудандық комиссия құрылсын (қосымша). Нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аудандық комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихаттың сессиясына бекітілуге ұ с ы н ы л с ы н .

2. Қоса беріліп отырған нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аудандық комиссия туралы Ереже бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ж. Зейнеловке жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2003 жылғы қаулысына қосымша

Нашақорлықпен және есірткі бизнесімен
күрес жөніндегі аудандық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Зейнелов Қойшыбай Жұрмағанбетұлы

аудан әкімінің орынбасары, комиссияның төрағасы

Жайсанбаев Жанөбіл Сақтағанұлы

"Науырзым аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, төрағаның орынбасары

Қазыбаев Сәбит Сағитұлы

аудан әкімі аппаратының жетекші маманы, комиссияның хатшысы

Комиссияның мүшелері:

Бекбаев Жұматай Тілепұлы

"Науырзым ауданы мәдениет бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Досмағамбетова Жұмакүл Мешелқызы

"Қостанай облысы денсаулық сақтау Департаментінің Науырзым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

Едіресов Халит Илиясұлы

аудан әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің бастығы

Төлебаев Әділхан Қарсақұлы

"Науырзым аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қылмысты іздестіру бөлімінің төтенше уәкілетті өкілі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 9 қ а з а н д а ғ ы

№ 155 қаулысымен бекітілген

Нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі аудандық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

Комиссияның қызметінің негізгі мақсаты Науырзым ауданында 2003-2005 жылдары нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресті қамтамасыз ету болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Аудандық нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі комиссия аудан әкіміне қазіргі заңдар бойынша берілген өкілеттігін пайдалана отырып, нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдар, мекемелер және қоғамдық бірлестіктердің жұмысын үйлестіретін кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің жұмысын Конституцияға, қолданыстағы заңдарға және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссия өзінің құзырына қатысты мәселелер бойынша қорытынды жасайды, ұсыныстар әзірлейді, мәселе сипаты мен мазмұнына қарай комиссия хаттамасымен, немесе әкімнің Науырзым ауданы аумағында көші бар шешімімен, өкімімен рәсімделеді.

4. Комиссия аудан әкімінің орынбасары болып табылатын төрағадан, төраға орынбасарынан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Төрағаның орынбасары лауазымы бойынша ауданның ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болып табылады.

2. Комиссияны ұйымдастыру

5. Комиссияның сандық құрамы мен құрылымы әкімияттың қаулысымен бекітіледі.

6. Комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

7. Комиссия жұмысында алқалық және жариялылықты ұстанады.

8. Комиссия өзінің жұмысын Ережеде көрсетілген негізгі міндеттер мен қызметтер негізінде мемлекеттік органдар, мекемелер және қоғамдық бірлестіктермен үйлестіреді.

9. Комиссия өзінің кезекті жиналыстарын тоқсан сайын өткізеді. Кезектен тыс

жиналыстар аудан әкімінің, комиссия төрағасының немесе комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбінің бастамашылығымен шақырылады.

3. Комиссия төрағасының өкілеттілігі

10. Комиссияның төрағасы:

1) комиссияның жұмысын ұйымдастырады және оның жұмысын басқарады, комиссия мүшелері мен мемлекеттік органдардың, мекемелердің және қоғамдық бірлестіктердің лауазымды тұлғалары орындауға міндетті шешімдер шығарады және н ұ с қ а у б е р е д і ;

2) мемлекеттік және басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен құзырына кіретін мәселелер бойынша бірлесіп жұмыс істейді;

3) комиссияның жұмысы бойынша есеп береді;

4) осы Ережеде, аудан әкімінің шешімдері мен тапсырмаларында қарастырылған басқа да өкілдіктерді орындайды.

4. Комиссия мүшелерінің өкілеттілігі

11. Комиссияның мүшелері:

1) комиссия алқасының құзырына кіретін мәселелерді қарастыру кезінде кеңесші да у ы с б е р у қ ұ қ ы ғ ы н а и е ;

2) комиссияның қабылдаған шешіміне келіспеген жағдайда, жазбаша немесе ауызша әкімге жеткізілетін ерекше пікір айтуға құқылы;

3) комиссия төрағасының тапсырмаларын орындауға міндетті;

4) комиссия төрағасының рұқсатымен мемлекеттік органдардың, мекемелердің және қоғамдық бірлестіктердің лауазымды тұлғаларынан нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері бойынша қажетті мәліметтерді с ұ р а у ғ а қ ұ қ ы л ы ;

5) комиссия төрағасының тапсырмасымен нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, мекемелер мен қоғамдық бірлестіктердің жиналыстары мен отырыстарына қатысуға құқылы.

5. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызметтері

12. Комиссияның негізгі міндеттері мен қызметтері:

1) Науырзым ауданында нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде шараларды әзірлеп, әрі қарай мәслихатта бекіту үшін әкімияттың отырысына жібереді;

2) аудан аумағында нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі бағдарламада қаралған шаралардың тиісті дәрежеде және уақытында орындалуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) аудан аумағында есірткі заттары мен психикаға әсер ететін заттардың заңсыз таратылуына байланысты болатын қылмыстардың жағдайын, дамуын, құрылымы мен деңгейін талдау және есірткіге қарсы саясатты, сонымен қатар есірткі заттары мен психикаға әсер ететін заттарды қолдану деңгейін төмендету бойынша ұсыныстар

е н г і з е д і ;

4) есірткі заттары және психикаға әсер ететін заттарға байланысты құқық бұзушылық және қылмыстық алдын алу бойынша жиынтық шаралар жүйесін әзірлеу, ұйымдастыру және орындауға қатысады;

5) құқық қорғау органдарымен біріге отырып есірткі заттары мен психикаға әсер ететін заттардың заңсыз дайындалуын, таралуын және пайдалануын табу, болдырмау және тоқтатуға бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырады, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау органдарында есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдарды оңалту проблемаларын шешуге ықпал етеді;

6) мәдениет және адамгершілікті қалыптастыру саласында жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау органдары, мәдениет, ғылым және білім мекемелері, қоғамдық бірлестіктермен жастар арасында есірткіге қарсы идеология жүйесін және салауатты өмір салтын насихаттау жүйесін құрып, жүзеге асыру мақсатында бірлесіп жұмыс істейді.

6. Комиссияның құқықтары

13. Комиссияның негізгі құқықтары:

1) өзінің құзыры аясында нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресу саясатын жүзеге асыруға қатысатын барлық мемлекеттік органдар, мекемелер мен қоғамдық бірлестіктерден ақпараттар сұрау және алу;

2) нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресу саласында көкейтесті және қоғамдық маңызы бар мәселелерді әкімияттың және мәслихат сессиясының қарауына ұ с ы н у ;

3) барлық мемлекеттік органдар, мекемелер және қоғамдық бірлестіктердің лауазымды қызметкерлерінің баяндамалары мен есептерін тыңдау;

4) нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресу жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігіне нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу болып табылады.

7. Комиссияның міндеттері

14. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) жұмысын үйлестіретін мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңдарға сәйкес өздерінің құзырына жататын қызметтерді жүзеге асыру кезінде дербестігін қамтамасыз е т е д і ;

2) аудан әкіміне комиссияның жұмысы, аудандағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жағдайы және оны дамыту жолдары туралы есеп береді.